



Жоғары білім: стратегиялық міндеттер мен көрсеткіштер



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады. Кездесуде Президент тапсырмаларын орындау үшін Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғаны туралы баяндалды. Құжат аталған саланы өркендетудің стратегиялық міндеттері мен көрсеткіштерін айқындайды.

Министрдің айтуынша, биыл қыркүйек айынан бастап Қазақстанда бакалавриат бағдарламасы бойынша стипендия мөлшері – 20, магистратура мен докторантурада 15 пайызға көбейді. Жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 160 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін, ал

ұлттық университеттерде бұл көрсеткіш 228 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар студенттер жатақханаларындағы орын тапшылығы үш есе, яғни 2022 жылғы 55 050-ден 2023 жылғы қазанда 17 488-ге дейін азайды.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):
 - 1) 740-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде:
 - 2) тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

(Соңы 11-12-беттерде)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Айдос Какашаұлы Рысбаев Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ. НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

«Ұлттық қор – балаларға»: Болашаққа бөлінген енші

«Қой егіз туса, бір түп жусан артық шығады» дейтін халқымыз әр баланың өз несібесі бар екенін әуелден ескерген. Бұл, әрине, отбасының ырысын бала-шағаның несібесі деп санайтын түсінік қой. Бірақ біле-білгенге елдің де ен байлығында жас ұрпақтың еншісі бар екені белгілі. Енді осы игілікті іс жүзінде сезіндіретін, яғни әр балаға ұлт байлығынан несібесін бұйырғаттын тың бастама «Ұлттық қор – балаларға» жобасы келесі жылдан бастап жүзеге асырыла бастайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен қолға алынған бұл көшелі бағдарламаны іске қосуға негіз болатын арнаулы заң жан-жақты зерделеніп әзірленді. Кеше осы заңға Президент қол қойды.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Кейінгі жылдары мемлекеттің балаларға қамқорлығын байқататын маңызды бастамалар көптеп көрініс беріп жатыр. Бұл қатардағы бірегей бағдарлама – «Ұлттық қор – балаларға» жобасы. Президенттің былтырғы Жолдауында ұсынған бұл бастамасы,



Суретті түсірген – Еран ОМАР, «EQ»

расында, балаларды болашағымыз деп білетін әділетті қоғамның қисынды қадамы болмақ. Бағдарлама іске қосылған уақыттан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударыла бастайды. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шешіп алуға болмайды.

Жиналған қаржы балалар кәметел жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады. Мемлекет басшысының айтуынша, Ұлттық қор, шын мәнінде, халқымыздың игілігіне қызмет етіп, бұдан бөлінген үлес өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына жолдама береді.

(Соңы 14-бетте)

СҮЙІНШІ!

Ел мерейін асырған

нәрестелер Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келді

Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Коллажды жасаған – Анисей КИНС, «EQ»

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұңғыш халық санағы 1999 жылы өткені белгілі. Сынақ нәтижесінде ел халқының саны азайғанымен, қазақтың үлесі ғасырға жуық уақыттан кейін тұңғыш рет 50 пайыздан асқанына бір қуандық. Келесі 2009 жылғы санақта Қазақ елінің тұрғындары 16 миллион адамнан асып жығылып, тәуелсіздік алған тұстағы деңгейге жеттік деп тағы да қуанышымыз қойнымызға сыймады. Енді, міне, кезекті тарихи сәт келіп жетті: біз 20 миллион болдық!

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 14

қарашада елімізде 20 миллионыншы азамат өмірге келген. Бұрын халық саны туралы мәліметтер қолмен өңделіп, ол көп уақытты қажет ететін болса, мемлекеттік акпараттық жүйелердің интеграциясы бұл

үрдісті жеделдетіп, 20 миллионыншы азаматтың туған күнін жоғары дәлдікпен және қысқа мерзімде анықтауға мүмкіндік берді.

Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Еліміздің мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарында дүниеге келді. Олардың ішінде 3 ұл және 2 қыз бар.

(Соңы 4-бетте)

19 ҚАРАША – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАМАҚ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Қазақтың құты – ауылда

Арғыдан аманатқа алған атакәсібінің өзі ауыл шаруашылығынан алыстай қоймаған еліміз әуел бастан аграрлы мемлекет еді. Ендігіне ен салынбаған иен даланың төсіне дән шашып, төскейін толтыра мал өргізген. Содан да шығар, ілкіде өткендердің ішер астан таршылық көрген тұсы жоқ. Осының өзі-ақ әр қазаққа ой салса керек...

Анығында, ұлысын ырысқа кенелткен ұлы істер осы даладан бастау алады. Жарықтық Жер-ана ешкімді жатырқамайды, қолы қимылдағанды ашқұрсақ қалдырмайды. Тек табиғаттың тілін, істің көзін таба білсеңіз болғаны... Мұндай шаруаны құп көретін мемлекет те мүмкіндігіне қарай септесуге әзір. Салмақ салмайтындай субсидиясын береді, жанар-жағармайды да жеңілдетіп таратуға бейіл. Сөрелерде ырық бермей тұрған бағаның бір ұшы да сол ауылға байлаулы. Елдегі ағайынның есебі түгел болса, қаладағы қалың жұрттың да қалтасы ортая қоймайды. Кәсібін дөңгелетіп отырғандар біздің елде жетіп артылады. Ұлан-ғайыр жердің ұл-қыздары сол кәсіпті берік ұстанып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келеді.

Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында осы саланың озаттарын тағы бір мәрте елге танытуды жөн санадық.

Тақырыпқа арналған материалдар топтамасын 8-9-беттерден оқисыздар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2-1) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 741-баптың екінші бөлігінде:

2) тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

2-1) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 765-баптың 6-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Осы баптың қағидалары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайтарылуын қоспағанда, кепіл нысанасы болып табылатын салымдарға, қайтарылуы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен шектелген салымдарға, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған салымдарға қолданылмайды.»

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 3-баптың 1-тармағында:

62-2) және 62-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«62-2) нысаналы талаптар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кірісінің және жыл сайын осы сомаға есепке жазылатын, есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кірістің елу пайызы есебінен жыл сайын қалыптастырылатын, Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған азаматтары алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері;

62-3) өзара өтелетін операциялар – мемлекеттік бюджетті, облыстың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, сондай-ақ олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын, қосарланған шотты болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне берілетін трансферттер, бюджеттік кредиттер және басқа да ақша сомаларын алып тастауға байланысты операциялар;»

мынадай мазмұндағы 62-4) тармақшамен толықтырылсын:

«62-4) өнірдің салықтық әлеуеті – жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық кезеңге арналған мөлшерлерін белгілеу кезінде өнірдің кіріс көлемдерін айқындау үшін есептелетін, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің ең жоғары ықтимал сомасы;»

2) 21-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ұлттық қордың активтерін пайдалану, талдау және болжау мақсаттарын қоса алғанда, фискальдық мақсаттарда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің, яғни міндеттемелерді, оның ішінде нысаналы талаптар сомасын шегергендегі активтердің мөлшері пайдаланылады.»

3) 23-бапта:

1-тармақ 4) тармақшасындағы «нысаналы трансферттер түрінде жұмсалады.» деген сөздер «нысаналы трансферттер түрінде;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) нысаналы талаптарды төлеу түрінде және нысаналы жинақтарды аудару мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу түрінде жұмсалады.»; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын осы баптың

1-тармағының 1), 3 және 4) тармақшаларында көрсетілген мақсаттарға пайдалану Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің, яғни міндеттемелерді, оның ішінде нысаналы талаптар сомасын шегергендегі активтердің мөлшерімен шектеледі.»

3. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

33-баптың 2-тармағы:

«зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақтарды және (немесе) нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

«зейнетақы төлемдері» деген сөздерден кейін «және (немесе) нысаналы жинақ төлемдері» деген сөздермен толықтырылсын.

4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

161-баптың жетінші бөлігінің екінші абзацы:

«зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы

қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

«жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

156-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацы:

«зейнетақы төлемдеріне.» деген сөздерден кейін «нысаналы активтерге, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдеріне.» деген сөздермен толықтырылсын;

«жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын.

6. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды жүргізуі тәртібін бақылауды жүзеге асырады;»;

2) 34-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарына есепке алу мен есепке жатқызуды, нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттарына нысаналы жинақтарды төлеуді, нысаналы жинақтардың қайтарылуын есепке алуды жүзеге асырады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры нысаналы жинақты алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтарын нысаналы жинақтау шоттарынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында нысаналы жинақтары бар нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, мұндай нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады;»

3) 35-баптың 2-тармағы 29) тармақшасындағы «беруге міндетті.» деген сөздер «беруге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 30) тармақшамен толықтырылсын:

«30) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті;»

4) 57-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі 3) тармақшасындағы «қаражаты бойынша қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық деректерді бөлек-бөлек ұсынады.» деген сөздер «қаражаты;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылатын аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық деректерді бөлек-бөлек ұсынады;»

5) 60-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде: бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3) тармақшадғы «қаражат бойынша үш аудиторлық есеп жасайды.» деген сөздер «қаражат;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылатын аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша төрт аудиторлық есеп жасайды;»;

6) 258-баптың 4-тармағы «нысанында» деген сөзден кейін «және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де нысандарда» деген сөздермен толықтырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 36-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

«тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаны.» деген сөздерден кейін «тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақтарды және (немесе) нысаналы жинақ төлемдерін.» деген сөздермен толықтырылсын;

«жинақ ақшасы түрінде» деген сөздер «жинақ ақшасы түріндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 51-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

2) тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген

сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

2-1) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын.

8. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

10-2-бап мынадай мазмұндағы 10-31) тармақшамен толықтырылсын:

«10-31) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»

9. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 8-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін немесе нысаналы жинақ төлемдерін пайдалана отырып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту деп тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларында не нысаналы жинақтарды пайдалануды регламенттейтін қағидаларда айқындалған мақсаттар түсініледі.»;

2) 5-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен және 5) тармақшасындағы «жүргізу тұрғын үй құрылысы жинақ банкітері қызметінің негізгі түрлері болып табылады.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;»;

«6) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу тұрғын үй құрылысы жинақ банкітері қызметінің негізгі түрлері болып табылады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:

«6-3) мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары.»

10. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) арнаулы көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге мұқтаж бала (балалар) – Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар);»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-анасының ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасының хабарсыз кетті деп танылуына, қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала;»;

12-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1) нысаналы активтер – нысаналы жинақтарды төлеуді қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де мақсаттарға арналған ақша;»;

мынадай мазмұндағы 12-2), 12-3), 12-4), 12-5), 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-2) нысаналы жинақтарды алушы – Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, нысаналы жинақтарды алуға құқығы бар азаматы;

12-3) нысаналы жинақтау шоты – нысаналы жинақтарды алушының осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған, нысаналы жинақтар есепке алынатын және нысаналы жинақтарды төлеу жүргізілетін жеке атаулы шоты;

12-4) нысаналы жинақ төлемдері – нысаналы жинақтарды алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы жинақтау шотынан төленетін нысаналы жинақтар сомасы;

12-5) нысаналы талаптарға қатысушы – Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматы;»;

«16) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар) – нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кірісінің және жыл сайын осы сомаға есепке жазылатын, есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кірістің елу пайызы есебінен жинақталған ақша;

17) уәкілетті операторлар – тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы;»;

2) 2-тарау мынадай мазмұндағы 7-3, 7-4, 7-5, 7-6, 7-7, 7-8, 7-9, 7-10 және 7-11-баптармен толықтырылсын:

«7-3-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттері

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) осы Заңға сәйкес нысаналы жинақтарды есепке алу және есепке жатқызу үшін нысаналы жинақтау шоттарын ашуды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарына есепке алу мен есепке жатқызуды, нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтау шотынан уәкілетті операторлардың шоттарына нысаналы жинақтарды төлеуді, нысаналы жинақтардың қайтарылуын есепке алуды жүзеге асыруға;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мынадай:

нысаналы талаптарға қатысушыға немесе оның заңды өкіліне нысаналы талаптардың сомасы;

нысаналы жинақтарды алушының сұрау салуы бойынша осы Заңның 7-7-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, нысаналы жинақтау шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге нысаналы жинақтардың сомасы туралы мәліметтерді телемақы алмай ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтарды алушылардың уәкілетті операторда ашылған шоттарына, сондай-ақ қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушылар немесе нысаналы жинақтарды алушылар мұрагерлерінің уәкілетті операторда ашылған банктік шоттарына АҚШ долларында төлеуді жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен нысаналы жинақтарды есепке алу, төлеу және қайтару мәселелері бойынша уәкілетті оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

6) нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтарын нысаналы жинақтау шоттарынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударуды жүзеге асыруға міндетті.

7-4-бап. Нысаналы талаптарға қатысушылар, нысаналы талаптар және нысаналы жинақтар

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған азаматтары ғана нысаналы талаптарға қатысушылар бола алады.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптарды есепке жазу олар он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын жүзеге асырылады.

3. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу АҚШ долларында жүргізіледі.

4. Нысаналы талаптар нысаналы талаптарға қатысушы он сегіз жасқа толатын жылға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі инвестициялық қызмет шеңберінде қаржы құралдарына инвестицияланады.

5. Нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шотына есепке алу және есепке жатқызу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында нысаналы жинақтау шоттарын ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Нысаналы талаптарды есепке жазу нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда тоқтатылады.

7. Нысаналы жинақ төлемдері нысаналы жинақтарды алушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті операторларда АҚШ долларында өздері ашатын банктік шоттарына есепке жатқызылады.

8. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

9. Нысаналы жинақ төлемдерін нысаналы жинақтарды алушының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған нысаналы жинақтау шотына қайтару АҚШ долларында жүзеге асырылады.

Бұл ретте айырбастауға байланысты шығыстарға төлем жасау, нысаналы жинақ төлемдерін нысаналы жинақтарды алушының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған нысаналы жинақтау

(Соңы 12-бетте)

**(Соңы. Басы 1, 11-беттерде)**

шотына аударуға (қайтаруға) байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге төлем жасау нысаналы жинақтарды алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7-5-бап. Нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың және олардың заңды өкілдерінің дербес деректерін жинау, өңдеу ерекшеліктері

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының осы Заңның 7-3-бабында көрсетілген міндеттерін орындау үшін нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың және олардың заңды өкілдерінің дербес деректерін жинау, өңдеу олардың келісімінсіз жүзеге асырылады.

7-6-бап. Нысаналы жинақ төлемдері

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақ төлемдеріне құқық нысаналы жинақтары бар нысаналы жинақтарды алушыларға беріледі.

2. Нысаналы жинақтары бар нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, мұндай нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушылардың немесе нысаналы жинақтарды алушылардың мұрагерлері уәкілетті операторда АҚШ долларында банктік шот ашады.

3. Нысаналы талаптарға қатысушының не нысаналы жинақтарды алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы нысаналы жинақтарды төлеуден бас тартуға негіз болып табылады.

4. Білім беру ақысын төлеу нысаналы жинақтарды алушының өтінім беруі және өзі мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары арасында шарт жасасу арқылы не «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру жинақтау сақтандыруы шартын немесе білім беру жинақтау салымы туралы шарт жасасу арқылы нысаналы жинақ төлемдері есебінен жүзеге асырылады.

7-7-бап. Нысаналы жинақтар құпиясы

1. Нысаналы жинақтар құпиясы нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақтау шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры нысаналы жинақтар құпиясына кепілдік береді.

Нысаналы талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының сомасы туралы мәліметтер құпия болып табылмайды.

2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өздерінің қызметтік және функционалдық міндеттерін жүзеге асыруға байланысты нысаналы жинақтар құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды адамдары, жұмыскерлері нысаналы жинақтар құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес және оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде нысаналы жинақтар құпиясын құрайтын мәліметтер алмасуды жүзеге асыру нысаналы жинақтар құпиясын жария ету болып табылмайды.

3. Нысаналы жинақтар құпиясы нысаналы жинақтарды алушыға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен ашылуы мүмкін.

Нысаналы жинақтау шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар:

1) соттарға – олардың іс жүргізуіндегі істер бойынша сот ұйғарымының негізінде;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру шеңберінде;

3) прокурорға – оның қарауындағы материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде;

4) нысаналы жинақтарды алушының өкілдеріне – нотариат куәландырған сенімхаттың немесе сот шешімінің негізінде;

5) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға –нысаналы жинақтарды алушының өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;

6)бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарға;

7) мұрагерлерге – нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда мұраға құқық туралы куәлік ұсыныла отырып, сұрау салу бойынша;

8) нотариустар мен шетелдік консулдық мекемелерге – нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда өздерінің іс жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша сұрау салу арқылы;

9) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық типтегі ұйымдардың басшыларына мемлекеттік органдарың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтер және (немесе) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың осындай ұйымдарда болуын растайтын құжаттардың негізінде берілуі мүмкін.

7-8-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтері

1. Нысаналы жинақтарды алушының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің, уәкілетті операторлардың борыштары бойынша, оның ішінде санамаланған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда нысаналы активтерге, нысаналы жинақтарға және нысаналы жинақ төлемдеріне тыйым салуды немесе өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

2. Нысаналы активтер:

1) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайларда нысаналы жинақ төлемдерін жүзеге асыруға;

2) қате есепке жатқызылған нысаналы жинақтарды және өзге де қате есепке жатқызылған ақшаны қайтаруға ғана пайдаланылады.

7-9-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтерін сақтау және есепке алу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарда жалпы сомада сақталады және есепке алынады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтерін есепке алу және сақтау мақсатында шетелдік кастодиан-банктерде шоттар ашуға құқылы.

7-10-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы талаптар, нысаналы жинақтар және нысаналы активтер бойынша есебі мен есептілігі және оларды бақылау

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы талаптар, нысаналы жинақтар және нысаналы активтер бойынша есепке алуды жүргізеді және есептілік жасайды.

Нысаналы активтерді есепке алуды жүзеге асыру және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және санкцияланбаған қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз ету үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бағдарламалық қамтылуы түріндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер пайдаланылады.

2. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды жүргізу тәртібін бақылауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

7-11-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына оның нысаналы активтері бойынша аудит жүргізу

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті жыл сайынғы аудиті шеңберінде аудиторлық ұйым бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтері бойынша аудитті жүзеге асырады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы активтері бойынша міндетті жыл сайынғы аудит бойынша шығыстар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері есебінен жүзеге асырылады.;

3) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әрбір баланың заңнамада белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде, Ұлттық пошта операторында салымдары болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және зияткерлік меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденуге және оларды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың жәрдемақысы немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлетін ақшаны баланың атына банктерге және (немесе) Ұлттық пошта операторына салуға құқылы.»

11. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-9) тармақшамен толықтырылсын:

«3-9) нысаналы талаптарға қатысушылар мен нысаналы жинақтарды алушылардың дерекқорын қалыптастыру және ақпараттық жүйеде олардың есебін жүргізу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына».

12. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 116) тармақшамен толықтырылсын:

«116) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»;

2) 5-3-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 32) тармақшамен толықтырылсын:

«32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді.»;

3) 44-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы» деген сөздермен ауыстырылсын.

13. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 58-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде:

2) тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан

төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 62-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде:

2-тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 98-баптың бірінші бөлігінде:

14-1) тармақша «, нысаналы активтерден, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

18-1) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын.

14. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-1-бап алып тасталсын;

2) 7-баптың 3-1-тармағы алып тасталсын;

3) 8-баптың 3-тармағының 28) тармақшасындағы «Қорды басқару жөніндегі кеңеске ақпарат жібере отырып,» деген сөздер алып тасталсын;

4) 24-баптың 5-тармағындағы «, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қорды басқару жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша сайлануын» деген сөздер алып тасталсын.

15. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын.

16. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

39-1-бапта:

тақырыптағы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –Елбасы атындағы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) білім беру жинақтау салымы – салымшының немесе енгізушілердің жарналарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері есебінен жарналарын, қатысушы банктің капиталдандырылған сыйақылары мен мемлекет сыйлықақысын қамтитын, салымшының қатысушы банк шотындағы ақшасы»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) қатысушы банк – осы Заңда белгіленген талаптарға сай келетін және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, Ұлттық пошта операторы»;

2) 11-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері есебінен қалыптастырылған білім беру жинақтау салымының қаражатын (олар болған кезде) салымшы:

1) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған салымшының нысаналы жинақтау шотына аудару кезіндегі валюталар бағамы бойынша АҚШ долларында одан әрі аудару үшін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына аударуға;

2) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына Ұлттық валютамен аударуға;

3) білімнің басқа деңгейлерін меңгеру мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жұмсауға;

4) білім беру жинақтау салымында қаражат жинақтауды жалғастыруға құқылы.»;

3) 11-1-бапта:

8-тармақ «бөліп төленеді» деген сөздерден кейін «не «Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін пайда алушының нысаналы жинақ төлемдері есебінен төленеді» деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерінің сомасын (олар болған кезде) пайда алушы:

1) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған салымшының нысаналы жинақтау шотына аудару кезіндегі валюталар бағамы бойынша АҚШ долларында одан әрі аудару үшін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына аударуға;

2) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу үшін банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында ашылған өзінің банктік шотына Ұлттық валютамен аударуға құқылы.»;

4) 15-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының кассалық операцияларды жүргізуге арналған лицензияларының болуы туралы талабы және 2) тармақшасының талабы Ұлттық пошта операторына қолданылмайды.»

18. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-қосымшаның 53-жолының 3-бағаны мынадай мазмұндағы 29 және 30-тармақтармен толықтырылсын:

«29. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашуы және жүргізуі.

30. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің депозиттерді қабылдауы, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуы және жүргізуі.»

19. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы («кәметекке толмаған және еңбекке қабілетсіз көметекке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны») деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақтарды және (немесе) нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың үшінші бөлігінде:

2) тармақша «зейнетақы төлемдерін» деген сөздерден кейін «, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

2-1) тармақша «жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

«жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 46-баптың 7-тармағының 5) тармақшасы: «зейнетақы төлемдерін,» деген сөздерден кейін «нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

«жинақ ақшасы түріндегі» деген сөздерден кейін «, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 20-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы № 35-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Ескендіров, К.Т.Жақыпбаев, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ә.Онғарбаев, Р.А.Подопригора, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Ударцев қатысқан құрамда, өтініш субъектілері Ә.Б.Болатханның және С.Т.Батырхановтың, сондай-ақ олардың өкілдері – адвокаттар Д.К.Канафиннің және Н.К.Жолболовтың,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б.Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің өкілі – Басшының орынбасары А.С.Мусралиновтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр А.К.Мұқанованың,

Республикалық адвокаттар алқасының өкілі – төрағаның орынбасары И.О.Вранчевтің қатысуымен, өзінің ашық отырысында Ә.Б.Болатханның және С.Т.Батырхановтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 20-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтініштерін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы К.Т.Жақыпбаевты және отырысқа қатысушыларды тңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – ЖС НҚ) 20-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция) сәйкестігін қарау туралы өтініштер келіп түсті.

Өтініштер бір нысанаға қатысты болғандықтан «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 49-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Сот оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірді.

ЖС НҚ-ның қаралып отырған ережесінің конституциялықтығын тексеру кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Конституцияның 81-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (бұдан әрі – Жоғарғы Сот) азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың сотталушына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің сотталушына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беріп отырады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабының 1-тармағына сәйкес Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасында қолданылатын құқыққа жататын нормативтік қаулылар (Конституцияның 4-бабының 1-тармағы) қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады.

Сот практикасы мәселелерін түсіндіру кезінде нормашығармашылықты жүзеге асыра отырып, Жоғарғы Сот Конституцияның 77-бабы 1 және 2-тармақтарының судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады, сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, нақты істер бойынша судья есеп бермейді деген ережелерін де басшылыққа алуға міндетті.

Бұған дейін Конституциялық Сот атап өткендей, соттардың заңнаманы қолдану практикасы мәселелері бойынша заңнаманы түсіндіру процесінде Жоғарғы Сот әртүрлі санаттағы істерді қарау жөнінде қорыту жасайды, нормативтік құқықтық актілердің жалпы және абстрактылы ережелерінің мәнін, ұғымының біріздендірілуі сот практикасы үшін маңызды болатын, заңнамада жеткілікті түрде айқындалмаған кейбір баға беру ұғымдарын нақтылайды, тәптіштейді, соттар қолданатын құқықтық нормалардың ықтимал коллизияларын шешеді, типтік жағдайларға қатысты нормаларға түсіндірме беру үлгісін жасайды. Алайда, сот практикасы үшін қажетті, мазмұнын, арақатынасы мен қолданылуын фрагментті және үлгілік нақтылау мүмкіндігін қамтитын құқық нормаларын түсіндірудің барлығы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына қайшы келмеуге және мемлекеттің басқа да жоғары органдары құзыретінің шекарасына өтпеуге, атап айтқанда, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектемеуге тиіс. Мұндай шектеулер Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана белгіленуі мүмкін (2023 жылғы 1 маусымдағы №18-НҚ нормативтік қаулы).

Осылайша, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларды қабылдау жөніндегі құзыреті конституциялық ережелерге негізделген және мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне қайшы келмейді (Негізгі Заңның 3-бабының 4-тармағы).

2. Өтініш берушілер дау айтып отырған ЖС НҚ-ның 20-тармағында: «Егер адам пара берушінің ақша немесе басқа құнды заттарды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде саралануға тиіс. Егер бұл адам құндылықтарды ісменді мақсатында пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті алаяқтықпен бірге пара беруге айдап салушылық болып, ал мұндай жағдайларда пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық болып қосымша саралануға тиіс. Осы ретте пара берілетін нақты адамның көрсетілген-көрсетілмегені маңызды емес.» деп белгіленеді.

Жоғарғы Сот белгілеген бір іс-әрекетті 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) екі бабы бойынша саралауға жол беру қылмыстық заңда бекітілген қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы туралы ережелерге негізделеді. ҚК-нің 13-бабының екінші бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп ҚК-нің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілерін қамтитын және, егер бір іс-әрекеттің белгілері ҚК бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, ҚК-нің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын бір әрекет (әрекетсіздік) те танылады.

Жоғарғы Сот «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 нормативтік қаулыда қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының көрсетілген түрін «анық жиынтық» деп атайды.

Жоғарыда көрсетілгенді ескере отырып, Конституциялық Сот қылмыстық құқық бұзушылықтардың анық жиынтығы кезінде бір іс-әрекеттің ҚК-нің екі бабы бойынша саралануы бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды деген конституциялық ережеге (Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы) сәйкес келмейді деп ойламайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жасалған іс-әрекетті саралау және жаза тағайындау арқылы әртүрлі объектілерге зиян келтірілген кезде кінәліге қылмыстық-құқықтық

сипаттағы шараларды қолданудың мөлшерлестігі мен әділдігі қамтамасыз етіледі. Жасалған іс-әрекетте кінәлі адамға тағылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысының барлық белгілерінің болуы мұндай саралаудың міндетті шарты болып табылады.

3. Конституцияның 76-бабының 1-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ (Негізгі Заңның 78-бабы).

Жоғарғы Соттың ұқсас істер бойынша бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға бағытталған нормативтік қаулылар сот практикасында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең болуын қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады. Сонымен бірге, судья сот талқылауында анықталған және дәлелденген барлық нақты мән-жайларды ескере отырып, Конституция мен заңдар негізінде жасалған іс-әрекеттің жеке көрінісіндегі саралануын дербес айқындауға міндетті.

Конституциялық Сот Жоғарғы Соттың ЖС НҚ-ның 20-тармағында көзделген бірыңғай сот практикасын қалыптастыру тәсілдері осы ЖС НҚ-ның басқа ережелерімен және қылмыстық заңның талаптарымен тығыз байланыста қарастырылған жөн деп атап өтеді.

Мәселен, конституциялық іс жүргізу материалдарынан азаматтардың ақшасын ойдан шығарылған сылтаумен (олардың жақындарын қылмыс жасады деп жауаптылықтан босату үшін лауазымды адамдарға пара беру қажеттігі) иеленіп алу жағдайлары бойынша біркатар кінәлі адамдардың тек алаяқтық жасағаны үшін сотталғанын түсінуге болады. Жалған пара берген адамдар жәбірленуші деп танылған және пара беруге оқталғаны үшін олардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қараламаған. Осы көрсетілгендер ЖС НҚ-ның қаралып отырған ережесі тұтастай алғанда судьяны нақты қылмыстық істі қарау кезінде іс-әрекетті жасау мән-жайларын ескеру мүмкіндігін шектемейтінін растайды.

ҚК-нің 4-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Соттардың жалған делдал болу туралы қылмыстық істерді қарауы кезінде басқа белгілермен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатын, қол сұғуын нақты объектісін және пияғылдың бағытын дұрыс айқындау маңызды мәнге ие.

2003 жылғы 31 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында да (2008 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған) сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамының ұғыну, ниет немесе пияғыл сияқты элементтерін белгілеу қажеттігі атап өтіледі.

Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыстық құқық бұзушылық мақсатына жетудегі мәні, оның келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпалы ескеріледі (ҚК 57-бабының бірінші бөлігі).

Конституциялық Сот бұдан бұрын «қоғамға қауіпті қол сұғушылық объектісін дұрыс айқындаудың маңызды практикалық мәні бар, өйткені бұл қылмыстық жауаптылық көзделетін құқыққа қарсы әрекетті құқыққа сыйымды әрекеттен ажыратуға, сондай-ақ іс-әрекеттерді дұрыс саралауға септігін тигізеді» деп атап өтті (2023 жылғы 18 мамырдағы № 14-НҚ нормативтік қаулы).

Жаза тағайындау үшін, оның ішінде ҚК-нің 55 және 56-баптарында (белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл

жаза тағайындау және аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау) көзделген қағидаларды қолдану үшін соттың жасалған қылмыстық құқық бұзушылық сатысын дұрыс белгілеуі маңызды болады.

Жоғарғы Сот қаралып отырған нормативтік қаулының 16-тармағында тиісті адамның пара нысанын қабылдаған сәттен бастап пара алу аяқталған деп есептелетінін түсіндірді. Егер пара нысанасын беру әрекеттері оны беруге бағытталған адамдардың еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша орындалмаса, онда жасалған іс-әрекетті пара беруге оқталу ретінде саралаған жөн. Пара берудің объективті жағының тікелей басталуын құрамайтын әрекеттер ҚК-нің 24-бабының бірінші бөлігіне сәйкес пара берушіге байланысты емес мән-жайлар бойынша қылмыс ақырына дейін жеткізілмеген жағдайда пара беруге дайындалу деп саралануға тиіс.

Жоғарғы Соттың аяқталмаған сыбайлас жемқорлық қылмыстың саралануы туралы түсіндірмесі ҚК-нің 29-бабының төртінші бөлігімен (өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да осы іс-әрекетті жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылықта болады) үйлеседі.

Жоғарғы Соттың жалған делдалдыққа қатысушылардың әрекеттерін саралау туралы түсіндірмесі Конституцияның ережелеріне қайшы келмейді. Ортақ қоғамға қауіпті нәтижеге көл жеткізуге мүдделі адамдардың мұндай бірлескен әрекеті мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы бағытталуы тиіс.

Осылайша, Конституциялық заңның 1-бабын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Сот соттардың құзыретіне кіретін мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады. Сонымен бірге, парақорлыққа жалған делдал болу нысандарының алуан түрлілігін ескере отырып, Конституциялық Сот ықтимал сот қателіктерін және құқықтық белгісіздікті болғызбау мақсатында Жоғарғы Сотқа осындай қылмыстарды қарау кезінде сот практикасына қосымша түсіндірме беруді ұсыну орынды деп есептейді.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын, 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62 – 65-баптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 20-тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысына түзетулер енгізу ұсынылсын.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

ТАҒЫМ

Әлкей Марғұланның ескерткіш-мүсіні ашылды

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде тағы бір жақсы жаңалық болды. Өткен жылы университетке есімі берілген қазақтың көрнекті ғалымы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұланның ескерткіш-мүсіні орнатылды.

Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Мүсіннің ашылуына арналған салтанатты іс-шараға Ә.Х.Марғұлан атындағы халықаралық қордың төрайымы, медицина ғылымдарының кандидаты, академиктің қызы Данель Марғұлан, облыс әкімдігінің өкілдері, шығармашыл зиялы қауым мен қоғам қайраткерлері қатысты.

MARGULAN университетінің ректоры Жанбол Жылбаев құттықтау сөзінде Әлкей Марғұлан ескерткішінің ашылуы кеменгер ғалымға көрсетілген құрмет екенін атап өтті. Бұл академиктің туғанына 120 жыл толуын тойлаудың басталуы. Мерейтойға арналған ауқымды іс-шаралар университетте 2024 жыл бойы өткізіледі. Қазақ археология мектебінің негізін қалаушының мерейтойына орай үлкен халықаралық конференция өтеді.

– Біз Алматыдағы Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтымен бірлесіп дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Қазақстан ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан академик Әлкей Марғұланның мерейтойын ұйымдастырып,

өткізу біз үшін үлкен мәртебе және жауапкершілік. Бұл біздің университет үшін ғана емес, бүкіл Павлодар, Ертіс өңірі үшін маңызды оқиға, – деді Жанбол Жылбаев.

Айта кету керек, тарихи туындының авторы Қазақстан көркемөнер академиясының академигі, суретшілер одағының мүшесі Мұрат Мансұров. Мүсін қоладан құйылған, биіктігі – 3,5 метр.

Қоладан құйылған алып мүсіннің түр сипаты және автордың шеберлігі академиктің ұрпақтары мен туыстарының да көңілінен шықты. Мәселен, академиктің ұрпағы Данель Әлкейқызы өз сөзінде әкесінің ескерткішін көрген сәтте ерекше әсер алғанын айтып, ғалымға көрсетілген айрықша құрмет пен тағзым үшін университет ұжымына ризашылығын білдірді.

– Бүгін мен ерекше қуанышты сезімдемін. Өйткені әкемнің туған жері Ертіс-Баян өңірінде және өзінің есімімен аталатын университеттің жанына мүсіні бой көтерді. Осы ретте университет басшылығына, ардагерлер кеңесіне және мүсіннің авторына шынайы алғысымды білдіремін. Марғұлан университеті жас



ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында үлкен іс атқарып келеді. Ендеше, әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы игілікті еңбектеріңізге сәттілік тілеймін, – деді Данель Марғұлан.

Ал облыстық білім беру басқармасының басшысы Самал Айтақына академиктің тарих, археология және педагогика

саласындағы еңбегіне тоқталды.

– Бүгін әдебиет, өнер және шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, жерлесіміз, академик Әлкей Хакұлы Марғұланға орнатылған мүсіннің ашылу салтанатының куәгері болып отырмыз. Бұл алағымыз үшін тарихи сәт, есте қалар ерекше оқиға. Әлкей Марғұлан Қазақстандағы этнограф,

археолог, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. Ғалымның жетекшілігімен 50-ден аса докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды. Еңбектері біркатар шет тіліне аударылды. Ендеше ғылыми мұрасын жалғастыру бүгінгі ұрпақтың міндеті. Соңына өшпес мұра қалдырған Әлкей Марғұланның өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа

әрқашан жол көрсетіп, жарқын болашаққа бастай беретініне кәміл сенеміз, – деді Самал Оспанқызы.

Іс-шара барысында университеттің жас ақындары – Бексұлтан Қайдаров, Есенгелді Жәнібек, Нұрайна Серік Әлкей Марғұланға арнау өлеңдерін оқып, жиналған жұрттың құрметіне жырлан шашу шашты.